

## **№8-дәріс. Әдебиеттермен, электрондық оқу құралдарымен жұмыс жасау түрлері. Ақпараттық, әлемдік дереккөздер және олармен жұмыс жасау түрлері**

### **Өзге академиялық еңбектерді қолдану**

Академиялық жазылымның басты талаптарының бірі - өзге еңбектерді қолданғанда сілтеме келтіру. Бұл плагиаттан сақтанумен қатар, студенттің тақырып бойынша өзге авторлардың пікірлерімен таныс екенін және қаншалықты сенімді пікірлер жинай алғанын көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтіннің салмағын арттыра түседі.

Жалпы, сілтеме келтірудің түрі көп. Дегенмен дереккөздерді әдебиеттер тізімінде көрсету бәріне ортақ талап болып есептеледі. Негізінен, сілтеме жасаудың екі түрі бар.

Бірінші, мәтін ішінде авторын және дереккөзінің жарияланған жылын көрсету. Бұл жүйеде алдымен автордың тегі беріліп, содан кейін еңбектің шыққан жылы жақша ішінде беріледі. Бұл оқырманның автордың кім екенін және еңбектің қаншалықты жаңа екендігін бірден байқауына мүмкіндік береді. Ал қолданылған әдебиет жазба жұмысының соңында автор тегі бойынша алфавиттік -күйде безендіріледі. Мысалы, Гарвард және АРА стильдерінде осы жүйе басшылыққа алынады.

Мәтін ішінде сондықтан, кейбір ғалымдардың (Ильин, 2007) пікірінше, жалқаулық адам ағзасына демалыс қажет болғанда пайда болады. Мәселен, М. Берендеева (2004) еңбекқор адамдарды бақылай отырып, олардың шаршаған кезінде ағзаларының жұмыс жасаудан бас тарта бастайтындығын анықтап, жалқаулықты ағзаның өзін-өзі қорғау реакциясы деп көрсетеді.

Екінші, мәтінде қолданылған әдебиеттің реті бойынша нөмірлік үлгіде сілтеме жасау. Бұл жүйе бойынша мәтінде қолданылған әдебиеттің ретіне қарай тік жақша ([ ]) ішінде нөмірі беріледі. Осы реттік нөміріне қарай қолданылған әдебиеттер тізімінен дереккөздерді тауып алуға болады. Бұл жазылым барысында қолданылған әдебиеттерді ретімен қолдана білуге және табуға өте ыңғайлы. Бірақ мәтін ішінде автордың аты-жөні берілмей сілтеме жасалған жағдайда және шыққан жылын білу үшін қолданылған әдебиеттерді қарауға тура келеді.

Академиялық жұмыстарда өзге авторлардың пікірі көрсетілсе, міндетті түрде сілтеме жасалуы керек. Ол автордың өз тұжырымын өзге авторлардың пікірлерімен дәлелдегенін көрсетеді. Сондай-ақ сілтеме арқылы тұжырымдар мен пікірлердің кімдікі екенін анықтауға да мүмкіндік береді. Бұл пікірлер немесе ғылыми тұжырымдар жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесі екенін естен шығармау керек. Сондықтан оларға сілтеме жасаудың маңызы зор.

Сонымен қатар тақырыпқа қатысты сілтеме жасау, осы тақырып бойынша өзге еңбектерді оқығанын және олармен таныс екенін білдіреді. Жазба жұмысындағы сілтемелер, яғни тақырыпқа қатысы бар ойлар жұмыстың ғылыми бағытын айқындауға да себеп болады. Жаңа идеялардың туындауына және олардың талдануына ой тастайды. Сілтеме жасау жазба жұмысында берілген пікірлер мен тұжырымдарға деген сенімділікті де арттырады.

Сілтеме жасау барысында мұқият болу қажет. Себебі мәліметтердің көптігінен сілтеме авторларын шатастырып немесе таба алмай қалу қаупі бар. Сондықтан әрбір ойдың тұсына оның авторы мен дереккөзін ерінбей жазып отырған дұрыс.

Жазба жұмысындағы өзге авторлардың пікірі әртүрлі дереккөздерден алынуы мүмкін. Сілтеме алынатын дереккөздерге мыналарды жатқызуға болады:

- Ғылыми жинақтар мен журналдардағы мақалалар;
- Газеттер мен журналдар;
- Тарихи және деректі фильмдер, теледидар бағдарламалары, жарна малар;
- Хаттар, электрондық жазбалар, онлайн пікір алмасу форумдары;
- Жеке сұхбаттар;

• Дәріскердің немесе жетекшінің сөзі (сілтеме жасау үшін ақылдасып алу қажет, кейде сілтеме жасау қажет болмауы мүмкін);

• Дереккөздердегі диаграмма, сурет, кесте және т.б.

Сонымен, «Барлық пікірге міндетті түрде сілтеме жасау қажет пе?» деген сұрақ туындайтыны сөзсіз, дегенмен мынадай жағдайларда сілтеме қолданудың қажеті жоқ:

• Жалпыға түсінікті, белгілі ұстанымдар мен пікірлерді жазғанда;

• Жалпыға белгілі мәліметтер мен ақпараттарды (сенімсіз болсаңыз, жетекшіңізден кеңес алыңыз);

• Студент өзінің бақылауын немесе тәжірибе барысында туындаған пікірін жазғанда;

• Студент өз тұжырымын, пікірін, ойын және қорытындысын жазғанда;

• Өз талдауын немесе тұжырымын бағалау барысында.

Жазба жұмысының соңында дереккөздер реттік нөмірмен қолданылған әдебиеттер тізімінде безендірілуі тиіс. Қолданылған әдебиеттер тізімінде дереккөз авторының тегі бірінші беріледі және есімі мен әкесінің атының бас әріптері ғана жазылады. Содан кейін еңбектің аты, оның жарияланған орны мен бетінің көлемі жөнінде ақпараттар беріледі. Мысалы:

Рахманова Н.М. Әуезовтану дәрістері. Оқу құралы. - Алматы: «Кітап» баспасы, 2010. - 354 б.

Ал мәтін соңында берілетін қолданылған әдебиеттердің безендірілу үлгісін мына мысалдан көруге болады:

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әбдікерімова Г, Базарбекова Н., Есболаева И. Қазақ халқының салт- дәстүрлеріне қатысты тілдік бірліктердің зерттелуі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы//Вестник «Филология ғылымдары» сериясы, 2017. - №4(62). - Б.23-27.

2. Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау: филол. ғыл.канд. ...дисс. - Алматы: әл-Фараби ат. ҚазМУ, 1998.- 183 б.

3. И.Г. Пособие по научному стилю речи: для вузов технического профиля / Н.А. Боженкова, И.Г. Проскурякова, Р.К. Боженкова и др.; под науч. ред. И.Г. Проскуряковой. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Флинта: Наука, 2004.-315 с.

4. Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. Монография. - Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлы дала» баспасы, 2016. - 366 б.

5. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Сөздік-Сло- варь», 2005. - 332 б.

6. Хинаятұлы Б. Қазақтардың төрт түлікке қатысты дәстүрлі ырым, жосын-жоралғы, әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткені мен бүгіні. Мақалалар жинағы. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001.- 173-190 бб.

7. Қоңырбаева К.М. Қытай қазақтарының рухани-құндылықтық әлеміндегі өзгерістер // «Орталық азияның қазақ диаспорасы: тарих - мәдениет - ескерткіштер» халықаралық ғылыми конференция материалдары. - Алматы: Елтаным, 2014 . - 335-336 бб.

#### **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Сілтеме жасаудың түрлерін ажырата аласыз ба?
2. Өзіңіз қолданатын сілтеме жасаудың жолын білесіз бе?
3. Библиография мен қолданылған әдебиеттер тізімінің айырмашылығы қандай?
4. Қай кезде сілтеме жасау қажет екенін білесіз бе?

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

### **Әдебиеттер тізімі:**

#### ***Негізгі:***

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
2. Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтурсынова, 2019. - 106 с.
3. Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательский отдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
4. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. -68 б.
5. Грофф Джеральд. Как писать убедительно: искусство аргументации в научных и научно-популярных работах: пер. с. Англ. –М.: Альпина Паблишер, 2014. -250 с.
6. Имангулова Т.В., Губаренко А.В., Абдикаримова М.Н. Методика научно-исследовательской работы в туризме. Учебное пособие. А.: КазАСТ, 2021. -164 с.
7. Айешова Г.А. Основы научно-исследовательской работы: учебное пособие, 2019.

#### ***Қосымша:***

1. Петрякова А.Г. Культура речи [Текст]: уч. пос. / А.Г. Петрякова.–М.: Флинта, 2016.–488 с.
2. Дусенко А.Г. Современный туризм: актуальные проблемы и перспективы. М.: РТУФКСМиТ, 2017. -238 с.
3. Комлева Ю. Е. Изъяны габсбургской политики идентичности: «книги для чтения» в италийских школах Триеста // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2015. № 1 (136). С. 144.
4. Пример взят из: Nagy P. T. The Problem of the Confessional Recruitment of the Students at the Faculties of the Humanities and Science of the Transylvanian University // Historical Social Research. 2008. Vol. 33. No 2. P. 142.
5. Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Терминологический словарь научно-исследовательской деятельности в туризме: учебное пособие. А.: КазАСТ, 2016. -60 с.
6. Закирьянов Б.К., Абдикаримова М.Н. Инновационные направления развития туризма и гостеприимства в современной России/ коллективная монография. М.: РУСАЙНС, 2019. - 232 с.
7. Добрынина О. Л. Пропедевтика ошибок при написании англоязычной авторской аннотации к научной статье // Высшее образование в России. 2015. № 7. С. 42-50.
8. Hartley J. Academic Writing and Publishing: a practical handbook. London: Routledge, 2008. P. 118-119.
9. Наука: день сегодняшний, завтрашний: научно-популярный сборник. Алматы: Ассоциация вузов РК. -2017. -128 с.
10. Морозов М.А. Информационные технологии в туристской индустрии: учебник. М.: КНОРУС, 2019. -276 с.
11. Гаврилов М.В. Научная работа: методика и практика: учебное пособие. –Саратов: МарК (Лохнев Ю.В.), 2014. -228 с.

#### ***WEB Сайттар тізімі:***

1. Научная электронная библиотека. - [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
2. Международный выставочный портал.- <http://www.expoclub.ru>